



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа

ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz



Сыр бойы

№111 (21186) 30 шілде, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

ТӘЖІКСТАН ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше Мемлекет басшысы Тәжікстан Президентімен кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық мультиспорт турнирінің ашылу салтанатына құрметті қонақ ретінде қатысқаны үшін Эмомали Рахмонға алғыс айтты.

Кездесу барысында президенттер стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында дәйекті түрде дамып келе жатқан қазақ-тәжік қатынастарының қазіргі деңгейін жоғары бағалады. Тұрақты саяси диалогтің, сондай-ақ екі елдің үкіметтері мен іскер топтары арасындағы белсенді байланыстардың маңызы да атап өтілді.

Сауда-экономикалық қарым-қатынастарды одан әрі кеңейтуге, көлік-логистика және энергетика салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ бұған дейін қол жеткізілген жоғары деңгейдегі уағдаластықтарды жүзеге асыруға баса назар аударылды.

Мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар алдағы көпжақты форматтағы бірлескен іс-шаралардың кестесін талқылады.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҰЛТТЫҚ ЖОБА АЯСЫНДА ҰТЫМДЫ ӘРЕКЕТ ҚАЖЕТ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте осы және қосымша мәселелер талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырма жүктелді.

Аймақ басшысы «Қызылорда электр тарату тораптары», «Қызылорда су жүйесі» және «Қызылорда жылу электр орталығы» мекеме басшыларына электр, жылу, ауызсу және көріз желілерін жаңғырту жұмыстарын ұлттық жоба аясында сапалы әрі уақытылы ұйымдастыруды тапсырды.

Сонымен қатар, табиғи монополияларды реттеу департаментіне жобаларды коммуналдық кәсіпорындардың тарифтік сметасына енгізуді жеделдетуді міндеттеді.

Тұтынушыларды коммуналдық қызметпен үздіксіз қамтамасыз ету айрықша маңызды. Сондықтан жауапты мекемелер жұмысты үйлесімді әрі тиімді ұйымдастыруы керек.

Быыл электр энергиясы және жылумен қамту, ауызсу, су бұру желілерін жаңғырту бойынша 20 жоба бюджет есебінен жүзеге асырылуда. 12 млрд теңгеге 5 жоба жоспарланған.

Өңірде коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандары жоспар бойынша жаңғыртылуда.

Қазіргі уақытта электр желілері мен қондырғыларының 60 пайызы, жылудың 40, сумен жабдықтаудың 15,8, ал су бұру желілерінің 16,9 пайызы тозған.

«СБ» ақпарат

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

«БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ»: ЖЕТІСТІККЕ ЖІГЕР



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада өтіп жатқан «Болашақ ойындары – 2026» халықаралық мультиспорт турнирінің ашылу салтанатында сөз сөйледі.

«Барыс Арена» стадионында ұйымдастырылған іс-шараға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон және басқа да ресми тұлғалар құрметті қонақ ретінде қатысты.

Жиында сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдің басшыларына, құрметті қонақтар мен халықаралық турнирге қатысу үшін елімізге келген спортшыларға ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы спорттың күшеюі, ақыл-ой мен цифрлық дәуірдің орасан әлеуеті үйлесім тапқан турнир баршаға ортақ жасампаздық ұстанымымен толық үндесетінін айтты. – Бұл турнир кереғар дүниелерді

бір арнаға тоғыстырады. Оның негізінде шынайы және виртуалды әлем арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдік жатыр. Бүгін осы аренаға негізінен жастар жиналып отыр. Сіздер білімді, талантты, еңбеккор, та-

лапты болсаңыздар, болашақтың іргетасы бекемделе түсетіні анық. Алда өздеріңізді биік белестерге бастайтын соқтықпалы-соқпақсыз жол күтіп тұр. Ой-пікірі ортақ, мүддесі бір, сенімді серіктер жандарыңыздан табылғанда ғана бұл жолды өңсеру оңай болмақ. Ойынға қатысушылардың әрқайсысы тыңғылықты дайындықтан өтті. Олар өз командаларының намысын абыроймен қорғауға әзір. Сіздер «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығып, жаңа достар тауып, келешегі зор жобаларды бірлесе қолға аласыздар деп сенемін. Себебі, «Болашақ ойындарының» басты миссиясы – адамдарды жаңа жетістіктер жолында жұмылдыру және жігерлендіру. «Болашақ ойындары» елдеріміздің арасындағы ынтымақтастықтың, достық пен келісімнің қалтын көпіріне айналады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент спортшыларға сәттілік тілеп, ұйымдастырушыларға, серіктестерге, төрешілер мен жаттықтырушыларға, тиісті мамандарға, еріктілерге және осы тамаша спорт мерекесін өткізуге атсалысқан барша азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

Ашылу салтанатында Ресей Президенті Владимир Путиннің турнир қатысушыларына бейнеүндеуі көрсетілді.

Сонымен қатар жиында Болашақ ойындарының бас директоры Дэн Меркли сөз сөйледі.

Бұдан соң көрермендер театрландырылған шоу мен отандық эстрада жұлдыздары қатысқан концерттік бағдарламаны тамашалады.

Сонымен 29 шілде – 9 тамыз аралығында Астана қаласында алғаш рет киберспорт пен спорттың дәстүрлі түрлерін және жаңа технологияны ұштастырған халықаралық турнир өтеді. Биылғы сайыстарға 34 елден келген 800-ден астам спортшы қатысады.

Астанадағы турнирде спортшылар фиджитал-футбол, фиджитал-баскетбол, фиджитал-кекпе-жек, фиджитал-шутер, фиджитал-би, Dota 2, Mobile Legends: Bang Bang және PUBG: Battlegrounds секілді 8 бағыт бойынша күш сынасады.

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНІ

СЕКСЕУІЛДЕ ЖАҢА ВОКЗАЛ



Теміржол вокзалдарын ретке келтіру жөніндегі Президент тапсырмасын пәрменді орындап отырған өңірдің бірі – Қызылорда.

Бұған дейін облыс орталығындағы тарихи теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Жаңа кейіпке енген ғимараттардың аумағы абаттандырылып, ондағы халыққа қызмет жүйесі жанданды. Одан кейін жеті вокзал мен екі қызмет көрсету пунктін күрделі жөндеу және қайта жаңғыртуға 10 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Осының негізінде жуырда ғана Жаңақорған, Шиелі және Қазалы теміржол вокзалдары ел игілігіне берілді.

Ал күні кеше Арал ауданындағы Сексеуіл теміржол вокзалының ашылу рәсімі өтті. Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев, сала ардагерлері, ел ағалары және кент тұрғындары қатысты.

– Бүгін Сексеуіл кентіндегі 1 млрд 360 млн теңгеден астам қаржыға салынған, аумағы 9129 шаршы метр жаңа теміржол вокзалының ашылуына куә болып отырмыз. Бұл – аймақ үшін маңызы зор жобалардың бірі. Баршаңызды жаңа вокзалдың пайдалануға берілуімен шын жүректен құттықтаймын, – деді Бахыт Дүйсенұлы салтанатты рәсімде.

Мұнан кейін Батырхан Базарбаев құттықтау сөз сөйлеп, сала ардагері Орынбай Оразаев ақ батасын берді. Теміржол саласының дамуына үлес қосып келетін бірқатар азаматтар мен вокзал құрылысын сапалы жүргізген мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жалпы Сексеуіл теміржол вокзалының құрылысы өткен жылы

қазіргі ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен басталған болатын. Жаңа вокзал тәулігіне 281 жолаушыға қызмет көрсетеді. Барлық талаптарға сай жоғары сапалы жабдықтармен қамтылған. Ана мен бала бөлмесі, медициналық пункт, жүк сақтау қоймасы, қуатты және санитарлық-тұрмыстық орындар қарастырылған.



Айта кетейік, қазіргі таңда облыс арқылы халықаралық және өңіраралық бағыттарда 15 жолаушылар пойызы қатынайды. Оның ішінде облыс орталығынан Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына қатынайтын 6 жолаушылар пойызы қызмет көрсетеді.

«СБ» ақпарат

/// БРИФИНГ

ҚАЛА КӨРКІ – ОНДАҒЫ ТІРШІЛІК ЖАРШЫСЫ

Қызылорда – көне шаһар, қазақтың тұңғыш астанасы, талай тарихи шешімдер қабылданған шежірелі мекен. Ал осы қасиетті орданы қазіргі келбеті халқының мақтанышына айналды. Өйткені, көрген көз, тоқыған көңіл, саралай алған сана жетістікті жазбай таниды. Шаһардың биылғы дамуы да айтарлықтай. Бұл туралы қала әкімі Нұржан Ахатов кезекті брифингте мәлімдеді. Облыс орталығында негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілуде. Былтыр қала бюджеті 73 млрд теңге көлемінде бекітіліп, жыл соңына дейін ол 154 млрд теңгеге жеткен. Ал биылғы бюджет 94 млрд теңге көлемінде қарастырылса, облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер арқылы 226 млрд теңгені құрайды.



Суретті түсірген Нұрболан НҰРЖАНБАЙ

2-бет

Валюта бағамы:

\$ 476,75 kzt

€ 543,26 kzt

₸ 6,06 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

+36°

+25°

Жұма

+37°

+24°

ҚАЛА КӨРКІ – ОНДАҒЫ ТІРШІЛІК ЖАРШЫСЫ

– Қаржы құрылыс, коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік қамсыздандыру және кенттер мен ауылдық округтерді дамыту секілді негізгі салаларға бағытталуда. Алғашқы жарты-жылдықта қала бюджетінің түсімі 79 млрд теңгеге орындалды. Сондай-ақ негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 168 млрд теңгені құрады. Оның ішінде жеке инвестиция өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 116,9 пайызға артты. Облыс орталығында жалпы ауданы 201399 шаршы метрді құрайтын тұрғын үй пайдалануға берілді. Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 276 млрд 183 млн теңге болса, өңдеуші өнеркәсіп саласында 49 млрд 136 млн теңгенің өнімі өндірілді. Қаламызда кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту үшін нақты нәтиже көрініс беріп отыр. Жыл басынан бері тұрғындар «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 27 жоба бойынша жеңілдетілген несиеге қол жеткізді. Сондай-ақ «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жалпы құны 122,8 млн теңгені құрайтын 5 жобаға қолдау көрсетілді. Оған қоса «Ағарлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 11 жобаға қаржы тартылды. Олардың жалпы құны – 1,6 млрд теңге. Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынған несиелерін «Даму» корпорациясы субсидиялау шаралары жалғасып, бұл бойынша жалпы құны 1,7 млрд теңгені құрайтын 11 жоба мақұлданды. Бүгінде қала кәсіпкерлерінің саны 32 мыңды шамаласа, жұмыспен қамтылғандар 63 мың адамға жетті. Атап өтерлігі, жыл басынан бері шағын және орта бизнес саласында 868,2 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өңірлік экономикаға елеулі үлес қосылды, – деді Нұржан Ахатов.

Экономиканы әртарапандыру мақсатында бірқатар инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Биыл «Марал Нұр» серіктестігінің жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге арналған жана өндірістік кешені пайдалануға берілді. Жобаның нәтижесінде 100 жана жұмыс орны ашылды. Кешенде жылына 600-ден астам жолаушы вагонна техникалық қызмет көрсетіледі. Сондай-ақ жол бойында «Алаш Метан» серіктестігінің метан газ құю бекеті бар қызмет көрсету кешені іске қосылды. Бұл жоба өңірдегі жол бойы сервистік қызметтердің сапасын арттыруға және тұрғындар мен автокөлік жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді. Өңдеу өнеркәсібі саласында «Rem Plast Invest» қағаз және картон зауытының құрылысы іске асуда. Бұдан бөлек, агроөнеркәсіп кешенінде «Қызылорда Құрылыс НК»



мыстары жүргізілуде. Туризм саласында да ірі қонақүй жобалары жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, қазір «Rixos», «Ibis» және «Рана» қонақ үйлерінің құрылысы қарқынды. Осының нәтижесінде қызмет көрсету саласын жана деңгейге көтеруге жол ашылады, – деді қала әкімі сөзін толықтырып.

Биыл қалаға қарасты ауылдарда 7819 гектар алқапта ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Оның ішінде жана жоңышқа 690, кант құмайы 57, арпа 90, жаздық бидай 70, жүгері 185, судан шөбі 100, көкөніс, бақша 2450, негізгі дақыл – күріш 2681 гектарға егілді. Vegetациялық кезеңде су тапшылығының алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізілуде. Шаруашылықтар аяқсу мәселесінен таршылық көріп отырған жоқ. Ал аяқсуды үнемдеу үшін 9 шақырымға созылып жатқан «Қызылжарма» каналының науа (лотоктау) құрылысы қолға алынды.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 4919 пәтерді сатып алуға 101 млрд 45,7 млн теңге бөлінген. Бұл үйлердің жалпы ауданы 318,4 мың шаршы метрді құрайды. Оның ішінде, ипотека бойынша көпқабатты 17, әлеуметтік осал топтарға 155 үй алынады.

Қала әкімінің айтуынша, жыл сайын ауысу және көріз су жүйелерін жаңалау тұрақты жүргізіліп келеді. Биыл «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 4 млрд 454 млн теңгені құрайтын 4 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде Гагарин, Титов, Қызылжарма және Әл-Фараби аудандарында су



көшеге күрделі жөндеу, қайта жаңғырту және 1 көпір салу жұмысы жүргізілуде. Қазір 32 көшеде күрделі жөндеу қарқын алды. Былтыр 8 көшедегі жолдың жағдайы жақсартылса, биыл қалған 24 көше бойынша осындай жұмыстар қолға алынып отыр. Ал «Бәйтерек» тұрғын ауданындағы онтүстік магистральды канал арқылы өтетін жана көпір қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Сондай-ақ Торайғыров көшесінен «Қызылорда-Құмкөл» автожолына дейінгі аралықта орналасқан Сағымбаев көшесін қайта жаңғырту бір-екі айдың шамасында елдің игілігіне айналады. Оған қоса Назарбаев даңғылы мен Тасбөгет

– Бүгінде Қызылорда еліміз бойынша ең таза қалалар қатарына енеді. Бұл – талап пен тынымсыз еңбектің нәтижесі. Осыдан он жыл бұрын «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаладағы 240-қа жуық көшенің тазалығымен айналысса, қазір оны ауқымы еселеп артты. Жаңадан мөлтек аудандар пайда болды, көшелер саны көбейді. Ендігі кезекте тазалық мекемесінің жүктемесі қалада 826 көшені қамтиды. Сондай-ақ биыл облыс басшылығының қолдауымен қаланы және елді мекендерді абаттандыруға 11 млрд 648 млн теңге бөлінді. Оның басым бөлігіне Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Бұл демалыс аймағында мыңдаған ағаш көшеті, бұталар мен көпжылдық гүлдер егіліп, заманауи спринклерлік және тамшылатып суару жүйелері орнатылды. Саябаққа келушілердің қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін автожол және автотұрақ құрылысы жүргізілуде. Қазіргі таңда жұмыстың 90 пайызы аяқталып, жақын күндері пайдалануға берілетін. Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттері нығайтылып,



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Мемлекет басшысының Жолдауы Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына арналып, онда қоғамдағы заң мен тәртіп идеологиясы ерекше сөз болды. Ол туралы тоғызыншы басымдықта айтылды. Президент заң мен тәртіп мемлекеттік құрылымның басты қағидаты, шын мәнінде кемел демократияның тірегі, құқықтық мемлекеттің негізі екенін атап өтті. Заң мен тәртіпке бағынбасақ, құқық нормаларына құрметпен қарамасақ, Әділетті Қазақстанды құрып, оны өркендеген мемлекет ете алмайтынымызға тоқталды. Сондықтан осы қағидатты еліміздің құндылықтар жүйесіне барынша кіріктіріп, халық болмысының, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру – басты міндетіміз. Осы орайда әділдіктің жаршысы, тәртіп пен талаптың қолдаушысы ретінде сол салада жемісті еңбек етіп келе жатқан азаматтардың еңбегі лайықты бағалауға тұрарлық.

САРАПШЫ



Әділдік дәлелден, ал дәлел кәсіби сараптаудан басталады. Адам тағдыры таразыға түсетін әрбір сот ісінде бір ғана дәлелдің өзі кінәліні жазадан құтқарып немесе жазықсыз жанның ақталуына себеп болуы мүмкін. Осындай сәтте ақиқаттың жолын айқындайтын, ғылым мен заңның тоғысқан тұсында қызмет ететін маман – сот медицинасы сарапшысы.

Бұл – көпшілікке көріне бермейтін, бірақ қоғам үшін маңызы өлшеусіз кәсіп. Сарапшы өз қорытындысын ешкімнің ықпалына емес, тек ғылыми дәлелге, кәсіби білімге және ар-ожданға сүйеніп жасайды. Оның әрбір сараптамасы адамның тағдырына, қоғамдағы әділдіктің салтанат құруына, заң үстемдігінің сақталуына тікелей әсер етеді. Сондықтан сот медицинасы сарапшысы – тек дәрігер ғана емес, ақиқаттың жаршысы, әділдіктің қорғаушысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамын құрметтеу – Әділетті Қазақстанның басты құндылықтарының бірі екенін үнемі атап келеді. Шын мәнінде, қоғамның тыныштығы мен заңның үстемдігі жолында адал еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегі әрдайым жоғары бағалануға тиіс. Солардың бірі – облыстық Сот сараптамалары институтының тәжірибелі сот медицинасы сарапшысы Серік Жеткербайұлы Тоқтаев.

Қазалы ауданында дүниеге келген ол туған жердің тәрбиесін бойына сіңіріп, жастайынан адамға қызмет етуді өмірлік мұрат санады. Осы арман жетегімен Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында дәрігер мамандығын игерді. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін еңбек жолын туған өлкесінде бастап, халық денсаулығы мен заң үстемдігі жолындағы жауапты қызметке кірісті.

Бүгінде ол сот медицинасы саласында жиырма жылдан астам уақыт табысты еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде жүздеген күрделі сараптама жасап, қоғамды алаңдатқан қылмыстық істерге назар аударып, ақиқатты анықтауға кәсіби үлес қосты. Оның әрбір қорытындысы ғылыми негізділігімен, дәлдігімен және объективтілігімен ерекшеленеді. Себебі, сарапшы үшін болжам емес, дәлел ғана маңызды.

Сот медицинасы – ерекше тәзімділікті талап ететін мамандық. Бұл қызметте эмоцияға емес, фактіге сүйену қажет. Кейде сарапшы ауыр қылмыстардың, жол-көлік оқиғаларының, өндірістік апаттардың немесе адам өміріне қатысты қайғылы жағдайлардың мән-жайын анықтайды. Мұндай істерде кәсіби біліммен қатар психологиялық беріктік, сабыр, әділдікке деген адалдық пен жоғары жауапкершілік қажет. Себебі бір ғана қате қорытынды адамның тағдырын өзгертіп жіберуі мүмкін.

Сондықтан сот сарапшысы тәулікпен санаспай еңбек етеді. Оқиға орнына шұғыл шығу, күрделі зертханалық зерттеулер жүргізу, халықаралық ғылыми әлістемелерді пайдалану, заң талаптарын мұлткізсіз сақтау – оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі. Бұл – сырт көзге байқала бермейтін, бірақ мемлекет қауіпсіздігі мен азаматтардың құқықтарын қорғауда айрықша маңызға ие еңбек.

Осындай жауапты қызметтегі қажырлы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Серік Жеткербайұлы бірнеше ведомстволық марапаттың иегері. Соның ішінде «Тергеу қызметіне – 60 жыл» мерейтойлық медалі оның құқық қорғау органдарымен тығыз байланыстағы адал еңбегіне берілген жоғары бағаның айқын көрінісі.

Әріптестері оны кәсіби біліктілігі жоғары, байшпты, талапшыл әрі принципіл маман ретінде құрметтейді. Жас сарапшыларға бағыт-бағдар беріп, өз тәжірибесін бөлісуден ешқашан жалықпайды. Оның өмірлік ұстанымы – ақиқаттан аттамау. Осы қағида оны ұзақ жылдар бойы абырой биігіне көтеріп келеді.

Еңбек адамының қадірі атқарған қызметінің қоғамға тигізген пайдасымен өлшенеді. Ал сот медицинасы сарапшысының еңбегі сырт көзге біліне бермеуі мүмкін. Алайда бұл мамандық иелері қаншама тәзім, жауапкершілік, жанкештіліктің ауыр жүгін арқалайды. Бұл – әділдіктің салтанат құруына, халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыра түседі. Есепті еңбек кай кезде де жоғары бағаланады. Талап пен тәртіп сақтау жолында игілікті істердің жүзеге асуына негіз қалайды.

Тәжірибелі мамандардың кәсіби қорытындысының арқасында әділ үкім шығарылып, жазықсыз жан ақталып, кінәлі заң алдында жауап береді. Ақиқатқа адалдық пен әділдікке қызмет ету – кез келген маманның қолынан келе бермейтін қасиет. Осы қасиетті өмірлік мұрат еткен Серік Жеткербайұлы Тоқтаевтың еңбек жолы – кәсібіне деген адалдықтың, азаматтық жауапкершіліктің және еңбек адамына тән биік парасаттың жарқын үлгісі.

Қ.ӘБШ



серіктестігінің 800 басқа арналған тауарлы-сүт фермасы аялағы уақытта халыққа қажетті өнімдер шығаралы.

– Биыл мамыр айында испаниялық инвестор «Рока Қазақстан» ЖШС-ның санитарлық-техникалық жабдықтау өндіретін және «Seven Rivers Technologies» ЖШС-ның неміс технологиясымен шыны ыдыстар шығаратын зауыт салу жобалары басталды. Сол арқылы келесекте 600 жана жұмыс орнын ашуға мүмкіндік бар. Өздеріңіз байқап жүргендей, кейінгі уақытта сауда базарларын жаңғырту бағытында игілікті істер қолға алынды. Бұл бойынша 5,8 млрд теңге инвестиция тарту көзделген. Қазір «Сұлтан» әмбебап базары толық жаңғыртудан өткізілді. Ал «Асбол», «Сыбаға» және «Талғат» сауда орындарында құрылыс-монтаж жұ-

құбырлары желісінің құрылысы басталды. Одан бөлек ағын суларды тазарту бойынша қуаты тәулігіне 70 мың текше метрді құрайтын биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру ісі жалғасуда.

– Жыл басынан бері Президент саябағы аумағындағы көпқабатты 15 тұрғын үй, әлеуметтік нысандар және Сол жағалаудағы 5 қабатты 10 тұрғын үйге инфрақұрылым тартылуда. Бұл жұмыстармен қатар, қаладағы электр желілері жаңартылды. Оған қоса Қызылжарма ауылдық округінің жаңадан қоныстанған аумақтарына ауысу және газ құбыры жүргізіледі. Биыл бюджет қаржысының басым бөлігі халықтың сұранысы мен талабы жоғары жол-көлік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталды. Жалпы құны 38 млрд теңге болатын 23 жоба іске асырылуда. Нәтижесінде жалпы ұзындығы 71,1 шақырымды құрайтын 71

кентіндегі А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз, Ш.Есенов көшелері қайта жаңғыртылуда. Қазір кенттер мен ауылдық округтердегі 32 көшеде жол құрылысы қызу жүреді. Ал Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құрылысы бойынша екі жолақты өткел, көпір, тіреу қабырғалары, жауа жүргіншілер жолы және жол қабыны салынады. Бүгінге дейін айналма теміржол желісі төселіп, электр, байланыс, сыртқы жарықтандыру және ауысу инженерлік желісін көшіру толық аяқталды, – деді қала әкімі.

Алдағы уақытта облыс орталығынан сол жағалау мен қаланы байланыстыратын автожол көпірін салу жоспарланып отыр. Маңызды жоба И.Тоқтыбаев көшесінен Сырдария өзені арқылы өтеді. Жоба құны – 19,5 млрд теңге. Нысан құрылысын бастау үшін республикалық бюджетке өтінім берілген.



Сыр өңірінің шежіресінен бөле-жара қарауға болмайтын, 150 жылдық жыл-намасы бар «Айтбай» мешітінің тарихын зерттеп жүргенімізде оған қатысты мына бір оқиға айрықша әсер етті. 1979 жылдың наурыз айының басында Халық депутаттары Қызылорда қалалық кеңесі атқару комитетінің төрағасы А.Лапшиннің бұйрығымен «Прибрежный» шағын ауданының құрылуына байла-нысты «Айтбай» мешітінің ғимаратын сүру туралы шешім қабылданады. Орнына үш қабатты тұрғын үйлер салу жоспарланады.



«ӘРКІМ ӨЗ САЛАСЫН ҮМБЕТОВТЕЙ АЛЫП ЖҮРСЕ...»

немесе «Айтбай» мешітін сақтап қалған тұлға туралы бір үзік сыр



Бірақ бұл шешімді Қызыл-орда облыстық мәдениет баскар-масының бастығы Жарылқасын Үмбетов күптай қоймайды. Ол сол жылдың 22 наурызында Ха-лық депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі атқару комите-тінің төрағасы Ш.Бәкіровке ар-найы хат жазып, «Айтбай» ме-шітін мемлекеттік қорғауға алу туралы өзінің ұсынысын жет-кізеді. Баскарма бастығы өткен ғасырдан келе жатқан сәулеттік маңызы зор мәдени ескерткішті жермен-жексен етуге түбегейлі қарсылық білдіреді.

Жиырма күн бойы жүрген бі-раз талас-тартыс, талқылаудан кейін 1979 жылдың 11 сәуірінде Халық депутаттары Қызылорда облыстық Кеңесі атқару коми-тетінің «Объектілерді жергілікті маңыз бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жатқызу тура-лы» №213 шешімі шығып, мешіт мемлекеттік қорғауға алынады. Лапшиннің шешімі бұзылып, оған «Прибрежный» шағын аудан-ның жобалау кезінде «Айтбай» мешітті ғимаратының сақталуы ес-керісі» деп тайға таңба басқан-дай жазылады.

Егер сол кезде облыстық мә-дениет басқармасының бастығы Ж.Үмбетов болмаса, бүгінде «Айтбай» мешіті де болмас еді. Міне, ғибадат үйі салынғанына 101 жылдан кейін қолдан жасал-ған бір «апаттан» осылайша аман қалады.

Мұрағаттан осындай құнды дерек табылған соң, құлшылық үйінің бүгінгі күнге аман-есен жетуіне басты себепкер болған Үмбетов туралы мәліметтер із-дестіре бастадық. Бар оймыз – дайындалып жатқан кітапқа су-ретін қоса беру. Онымыз мешіт жамағаты, жалпы халық кімге қарыздар екенін білсін деген ниет. Баскарма, архив бардық, мәдениет салысна қатысы бар адамдардан сұрастырдық. Десек те, бағыт-бағдар беріп, жөн сіл-тейтіндер табыла қоймады.

Бытыр 19 қарашада «Айт-бай» мешіті: аңыз бен ақиқат» кітабы мен деректі фильмнің тұсаукесерін аман-есен өткізіп, облыстық кітапханаға кітап сый-лауға барғанбыз. Сонда кітапхана директорының орынбасары Айгүл Жанғабылова әңгіме арасында Үмбетовтің қарындасы облыстық кәсіподақта жұмыс жасайты-нын, кітаптағы ағасы туралы мә-ліметтерді ол кісіге жібергенін айтып қалды. Біз «Қалайша?» деп таңғалып жатырмыз. Мешіт тари-хынан ойып тұрып орын алатын тұлға туралы білетін адам осы күнге дейін жанымызда жүріпті ғой!.. Айгүл Есенқызынан ол кі-сінің есімі Жарылқасын екенін алғаш рет білдік. Сол кездесуде өңіріміздің бас имамы Дастан қажы Жанасұлы:

– «Айтбай» мешітін сақтауда Жарылқасын Үмбетов ағамыздың орны бөлек. Тіпті оның еңбегі ерлікпен пара-пар деуге болады. Себебі, ол кезеңде шыққан ше-шімді бұздырту екінің бірінін қо-лыннан келе бермейді, – дегенді қадап тұрып айтқан.

Кейіннен желтоқсан айының соңында Алматыға арнайы ба-рып, ағамыздың бүгінде көзі ті-рі жалғыз қызы Ақмарал апай-мен жолығып, әкесі туралы естеліктерін тыңдап қайтқанбыз. «Айтбай» мешітіне сіңірген ең-бегін айтып, деректі кітапты сый-ға тарттық.

дениет ошақтарының материал-дық-техникалық базасы түбегейлі жаңартылады. Алшақ жатқан ауылдарға автоклубтар жеткізіліп, халық шығармашылық ұжымдары көбейді, ақындар айтысы қайта жаңғырды. Бүгінде «фруханият ошағына» айналған Нартай Бе-кежанов атындағы Қазақ драма театрының еңселі ғимаратын жо-балап, оны тұрғызуда орасан зор еңбек сіңіреді. Осы ғимаратқа қажетті ең озық техникалық құ-ралдарды, көрермен залындағы еңселі аспалы шамдар мен ар-найы орындықтарды алдыру үшін Мәскеу мен Ленинградтағы «жо-ғарғы кабинеттердің» босағасын сан мәрте тоздыруға мәжбүр бо-лады.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің материал алып беру, оны құнды жәдігерлермен то-лықтыру, Сыр бойындағы то-зығы жеткен тарихи-мәдени ес-керткіштерді жөндеп, мемлекет қорғауына алу ісі де осы Жа-рылқасын ағамыздың тікелей қа-дағалауымен жүзеге асады. Мә-дениет саласында қызмет еткен замандастары оның жұмысқа деген адалдығын, кітапханаға жиі келіп, тұн ауғанша жаңа әдебиеттерді парақтап оқитын жан-жақтылығын, «тура биле туған жоқ» деген қағидаға қатаң ұстаған әділдігін әлі күнге дейін ризашылықпен еске алады.

Облыс пен қаланың саяси бас-шылығы құрамында ұзақ жыл-дар бойы еңбек етіп, Халық де-путаттары облыстық кеңесінің депутаты болып сайланған ке-йіпкеріміз қай қызметте болма-сын жоғары жауапкершілік, ел-жандылық және парасатылық таныта білді. Зейнет жасына жеткеннен кейін де қоғамдық жұ-мыстан қол үзбей, Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау облыстық қоғамының төрағасы болды. Осылайша, облыстық мә-дениет басқармасын басқарып жүрген кезіндегі тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғау, қалпына келтіруде бастаған игі жұмыста-рын әрі қарай жалғастырды.

Өзінің саналы ғұмырында бірнеше рет Социалистік жарыс жеңімпазы атанып, «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ор-дендерімен, көптеген медальмен марапатталған, Сыр руханияты-ның жоғын жоқтап, барын түг-гендеген асыл азамат 1989 жыл-дың 8 тамызында кенеттен болған қайғылы жол апатынан мезгілсіз өмірден өтті.

– Көлікте әкеммен бірге менің 5 жасар ұлым да болған еді. Ол оқиға орнында қаза тапты. Әкем ауруханада есін жиганда бірден немересін сұрапты. Дәрігерлер оның аман қалмағанын айтты. Әкеміздің жүрегі соны көтере алмады. Егер дәрігерлер айтпай тұра тұрғанда, өзіме де тірі қа-лушы ма еді, – деген болатын Алматыдағы кездесуде Ақмарал апамыз.

Мәдениет майдалманы адал жары Халила Әлімбетқызымен бірге Ақмарал, Шолпан және Ас-кар атты перзенттерді өмірге әке-ліп, оларды азамат атандырды. Бір өкініштісі, бүгінде Халила апамыз да, Шолпан мен Асқар да ортамызда жоқ.

«Әркім өз саласын Үмбетовтей алып жүрсе, атасына рахмет» депті сол жылдары облысты басқарған Исатай Әбдікәрімов. Айта айтқандай, адалдық пен әділдікті түп еткен Жарылқасын Үмбетовтің есімі мен еңбегі – тек «Айтбай» мешітін сүрілуден сақтап қалған ерлігімен ғана емес, Сыр өңірінің мәдениетіне сіңірген ұшан-теңіз үлесімен де ел есіміне мәңгі сақталары ақиқат.

Келер жылы осындай атпал азаматтың дүниеге келгеніне 100 жыл толады. Осы орайда, сонау қиын-қыстау кездерде жоқ-тан бар жасап, облыс тарихынан айрықша орын алған біртуар жан-ның есімі осы бастан ардақталса деген тілегіміз бар. Өйткені, ба-балар мұрасына араша түскен мұндай қайраткердің өңегісі іс-терін уақыт парағынан өшіруге ешкімнің де хакысы жоқ.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ, Ақпарат саласының үздігі



«Адамның қадірі – басынан кешкен қиындығында емес, сол қиындықты қалай өңсегенінде» деген сөз Әбілда Смағұлұлының өміріне дәл келеді. Оның тағдыры – XX ғасырдағы қазақ халқы бастан өткерген ашаршылықтың, сұрапыл соғыстың, сталиндік қуғын-сүргіннің және бейбіт еңбек жылдарының айнасы іспетті. Бұл – бір әулеттің ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі.

1930-жылдары Сыр өңірінде жаңа өндіріс орындары ашы-лып, ел тұрмысы біртіндеп түзеле бастаған кезеңде Әбіл-даның ағасы Ысқақ Жалағаш-тағы қамыс зауытына директор болып тағайындалды. Ағасы Асқар да осы зауытта еңбек етті. Соның арқасында көптеген жалағаштық азамат тұрақты жұмыс тауып, тұрмысын оңалта бастады. Алайда тағдыр сынағы мұнымен аяқталған жоқ. 1933 жылы әкесі Смағұл дүниеден өтіп, отбасы ауыр қайғыны бас-тан кешірді.

Әбілда Жартыбайқызы Те-бізбен шаңырақ көтеріп, бейбіт еңбекпен өмір сүріп жатқанда, 1941 жылдың 22 маусымында басталған кеңес-герман соғысы бүкіл елдің тағдырын өзгертті. Алғашқы шақырылғандардың қатарында ағасы Асқар май-данға аттанып, 1942 жылы ха-барсыз кетті.

Сол жылы Семей қаласында жасақталып жатқан әскери құрамға барған Қазақ КСР Жо-ғарғы Кеңесі Төралқасы тө-рағасының орынбасары Шекер Ермағамбетова Әбілдан көріп, Қызылорда облысы бойынша майдандағы жауынгерлерге киім-кешек жинау жұмысын ұйымдастыруды тапсырады. Алты ай бойы ел аралап, халық-тың көмегін майданға жеткізуге үлес қосқан Әбілда кейін әзі де қан майданға аттандады.

Соғыс жылдарында ол ауыр сыннан өтті. Днепр өзені ар-қылы тұтқынға түскен кеңес жауынгерлерін Германияға ай-дап бара жатқан кезде кеңес-тік авиацияның шабуылы басталып, туған мүмкіндікті пайдаланып, жанындағы жас арқы сарбазымен бірге жүгері алқабы арқылы қашып шығады. Күндіз жасырынып, түнде ғана қозғалған олар бірнеше күн бойы ажалмен бетпе-бет келеді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ ӘДІЛ САЛЫҚ САЯСАТЫ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне еніп, мемлекеттің саяси жүйесін жаңғыртуға, адам құқықтарын қорғауды күшейтуге және қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған тарихи Ата Заңымыз.

Конституция мемлекеттік басқару жүйесін заман талабы-на сай икемді етуге жол ашты. Қоғамдағы әділдік пен заңның үстемдігін қамтамасыз етуге арналған негізгі тетіктерді бекітті.

Негізгі жанашылдықтардың бірі – мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу, бұл әріне тепе-теңдік жүйесін неғұрлым үйлесімді қалыптастыруға сондай-ақ атқарушы биліктің жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ Конституцияның жаңа мәтіні адамға бағытталған: онда адамның қадір-қасиетін қорғау, әлеуметтік құқықтар, заң алдындағы теңдік, сот арқылы қорғалу және жеке басының қол сұғылмаушылығы туралы ережелер күшейтілген. Бұл әріне әлеуметтік және құқықтық мемлекет құруды заманауи тәсіл.

Сонымен қатар, кез келген дамыған мемлекеттің іргетасы – оның қаржылық тәуелсіздігі мен азаматтардың жоғарғы жауапкершілігі. Салық төлеу тек міндетті орындау емес, бұл еліміздің қауіпсіздігі мен болашақ ұрпақтың жарқын бола-шағы.

Конституцияның 38-бабына сай, заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу – әр адамның борышы мен міндеті.

Бұл норма жай ғана заң талабы емес, ел тұрақтылығы мен мемлекеттің дамуын қамтамасыз ететін негізгі конституциялық қағида. Бүгінгі күні салықтық мәдениетті қалыптастыру заман талабы. Салық міндетмесіне адал қарау, мемлекетке деген сенімді арттырып қана қоймай, әрбір азаматтың өз елінің ертеніне қосқан үлесі болып та-былады. Түскен салықтың ашықтығы мен тиімді жұмсалуды – мықты экономиканың, ал салықты уақытылы төлеу – жау-апты қоғам белгісі.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

Сағыныш болды дидарың



Жалған өмірдің қай тұста шек-телерін кім білсін?! Расында, адам баласы Алланың пендесіне өлшеп берген ғұмырынан артық жасамай-тынын білсекте, жақынның кім ажалға қияды дейсін?! Әркез жанымызға жалау болып, амандығымыз бен жақсылығымызды тілеп отыратын отбасымыздың тірегі, ардақты жан, асыл жар Қожахметов Болатхан Баймұратұлының өмірден озғанына да жүз күннің жүзі болды.

Болатхан Баймұратұлы 1966 жылдың 7 мамырында Қазалы ауданы, Майдакөл ауылында дүниеге келген. 1991 жылы Қызылорда қаласындағы медициналық учили-щені «Емдеу ісі» мамандығы бой-ынша бітірді. 1992-2025 жылдар аралығында ҚР ДСМ «Қазақ рес-публикалық лепрозорийі» мекеме-сінде эпидемиолог көмекшісі болып қызмет атқарды.

Жарамсыз деп есептелсін

Құлбаев Жәнібек Қалдыбековичтің атына Қызылорда облыстық Полиция департаментінен берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Ерен еңбегі мемлекет тара-пынан жоғары бағаланды. Бүкілодақтық халық шаруа-шылығы жетістіктері көрме-сінің (ВДНХ) алтын және күміс медальдарының иегері атанып, «Еңбек Қызыл Ту» және сол кезеңдердегі ең жоғарғы мара-пат Ленин орденімен нағрад-талды. Бұл марапаттар – оның маңдай термен келген қажыр-лы еңбегінің, туған жерге де-ген адалдығының және ел се-німіне ие болған абыройлы ғұмырының жарқын айғағы.

1960 жылдың қарсаңында тағдыр тағы бір ғажайып бел-гіні сыйлайды. Көршісі Гүл-жахан ана түсінде аппақ кінді, ақ сақалды қарияның қолына қанжар ұстатып: «Мынаны Әбілданың шаңырағына та-быс ет» деген аян көреді. Көп ұзамай Тебіздің аяғы ауырып, 1960 жылдың 25 маусымын-да ұл дүниеге келеді. Баланың есімі түс аянымен байланысты-рылып, Қанжарбек қойылады.

Қуанышты хабарды жеткіз-ген Гүлжаханға Әбілда: «Сүйін-шіне бір өгіз!» деп ризашылы-ғын білдірген екен. Бұл оның кеңпейілділігі мен дарқан міне-зінің көрінісі еді.

Әбілда Смағұлұлы ұрпағына адал еңбек пен адалдықтың, ел-ге қызмет етудің өшпес өнеге-сін қалдырды. Оның жалғыз ұлы Қанжарбек Әбілдаұлы бі-лім беру, партия, әкімшілік, жергілікті басқару және спорт салаларында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етті. Ол мек-теп директоры, ауылдық ке-нес төрағасы, республикалық спорт мектебі директорының орынбасары, Олимпиадалық даярлау орталығының заңгері қызметтерін атқарып, бүгінде құрметті зейнеткер атанып отыр.

Қанжарбек Әбілдаұлынан Салтанат атты бір қыз, Нұр-болат, Самат, Қанат, Рамазан, Ислам атты бес ұл өсіп-өрбіді. Саналы ұрпақ тәрбиелені, өне-гелі әулет қалыптастыру – Әбілда ақсақалдың өмір жолы-ның ең қымбат жемісі десек артық емес. Оның ғибратты ғұмыры мен адал еңбегі бүгінгі ұрпағының игілікті ісімен абат болып отыр деп некі сеніммен айтуға болады.

Әкесінің есімін ұлықтау, ерлікке толы өмір жолын кейінгі ұрпаққа жеткізу – Қанжарбек Әбілдаұлы мен әулетінің пер-зенттік парызына айналды. Өйткені Әбілда Смағұлұлының ғұмыры – тағдыр тауқыметіне мойымаған қайсарлықтың, елге адал қызмет етуін, адалдық арды бәрнен биік қойған аза-маттықтың жарқын үлгісі.

Осындай тұлғалардың өмірі ұмытылмауға тиіс. Откеннің өнегесін бүгінгі ұрпаққа жет-кізу – тарих алдындағы ортақ жауапкершілігіміз.

Бұл жазба Әбілда ақсакал-дың ұлы Қанжарбектің әңгіме-леуі негізінде қағазға түсті.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, жазушы, этнограф, Жалағаш ауданының құрметті азаматы

/// МЕРЕЙ

ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕР АТАНДЫ

Қалалық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Достық үйінде» Қазақстанның құрметті журналисі, ҚР Ақпарат саласының үздігі, «Сыр медиа» ЖШС жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Кенжалы Ерімбеттің мерейлі 70 жасқа толуына арналған іс-шара өтті.



Жиынды қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Өмірбек Шәменов ашып, мерейтой иесінің өмірімен, еңбек жолымен таныстырды. Мерейтой иесіне қаланың Құрмет грамотасы және қалалық ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігінің құттықтау хатын табыстады.

Кеш иесі Кенжалы Райымбекұлының аймақтық журналистика саласына сіңірген ұзақ жылғы жемісті еңбегі мен қаланың қоғамдық-саяси, рухани дамуына қосқан үлесі үшін «Қызылорда қаласының құрметті ардагері» атағымен марапатталды.

Қаламгердің әріптестері, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов ұжым атынан құттықтау лебізін білдірді. Сонымен қатар, «Қоспкер келбеті» газетінің бас редакторы, Шыелі ауданы және Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Жүзбай Таңқыбаев, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ басқарма төрағасының орынбасары Әуезбек Дүйсенбаев, қалалық білім бөлімі жанындағы «Ардагер ұстаздар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, алқа мүшесі Мылтықбай Бәйімбетов, «Байқоңыр» ғарыш айлағы сала-

сының ардагері Марат Әбішев, қала әкімдігі жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, Қармақшы ауданының құрметті азаматы Жаксыбай Жәкеев сынды замандастары мерейтой иесіне жүрекжарды тілектерін арнап, өнегелі өмір жолынан әңгіме өрбітті. Сонымен бірге, «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава келісімшарты тобы Ардагерлері» қоғамдық бірлестігі Қызылорда қалалық филиалы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Марат Оспанов аталған ұйымның құттықтау хатын табыстады. Қалалық «Әкелер» алқасының төрағасы Рысбек Тобылов мерейтой иесіне арнаған өлеңін оқып, сый-сыяпат көрсетті. Сондай-ақ бірқатар бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жиынға қатысушылар тағылымды іс-шара аға буынының еңбегін бағалап, ардагерге көрсетілген құрметтің жарқын көрінісі болғанын айтып, ризашылықтарын білдірді. Мерейтой иесі, қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Кенжалы Ерімбет сөз алып, іс-шараны ұйымдастырушыларға, сондай-ақ ақжарма тілектерін арнаған қаламдас, замандастарына алғысын жеткізді.

«СБ» ақпарат

/// ӨРКЕН



БІР ЖҰП, БІР МАМАНДЫҚ

Батырхан Тұрмұратов пен Құлбарам Есенеева дәрігер акушер-гинеколог, кәсіби тәжірибесі мен білімін ана мен бала денсаулығын қорғау жолына арнаған.

Олар 2007 жылы Астана медицина университетіне түскен кезде танысалы. Жалпы медицинаны бітіргеннен кейін, «акушерия және гинекологияны» тандап, одан әрі бірге білім алды. Соңғы курста отбасын құрды. Қол ұстасқан жастар Қазалы аудандық ауруханасына жұмысқа орналасты. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының игілігін көріп, біртүтік көтерме жәрдемақы алды. Онда біраз тәжірибе жинады, шыңдалды. Ісіне деген жауапкершілігі артты. Қаншама сабилің өмірге аман-сау келуіне ықпал етіп, аналарға сапалы медициналық көмек көрсетті. Көптің алғысына бөленді. 2024 жылы Қызылорда қаласына қоныс аударып, облыстық перинаталдық орталықта жұмысын жалғастырды. Батырханның айтуынша, мұнда жұмыс еселене түскен. Күнделікті қаншама ана сабиін құшағына алады. Ал бұл процесс дәрігер біліктілігінің арқасында жүзеге асады.

– Өмірге саби әкелу оңай емес. Жүкті әйел босануға келгеннен кейін жағдайын бақылауға аламыз. Арнайы палатаға орналасты, заманауи құрылғылар қолданамыз. Әр ананың денсаулығына байланысты босануды барынша сауатты жүргізуге тырысамыз. Шүкір, пациенттен тек алғыс алып келеміз. Қыын сәтті ұмыттыратын бір мезет бар, ол – саби үні, – дейді Батырхан Тұрмұратов.

Білікті дәрігермен әңгімелесу кезінде мына бір қызық жайтты естіп, таңғалдық. Ол алып сабилі де табиғи жолмен босандырып, өз ісінің білгірі екенін сан мәрте дәлелдеген. Әдетте салмағы үлкен шакалақты кесарь тілігімен өмірге әкеліп жатады. Ал Батырхан салмағы 5,500 келі болатын сабилі босану кезіндегі зақымданусыз тудырған.

Жары Құлбарам да перзент-ханға түскен әрбір әйелге ерекше ықыласпен қарайды, жылы сөзімен күш-жігер береді.

– Бір мамандық иелерінің отбасын құруы жиі кездесетін жағдай. Мұндай жұптардың ортақ тіл табуысы оңай және бір-бірінің кәсіби қиындықтарын тез түсінеді. Біздің де таныстық студент кезден басталды. Бір топта білім алдық. Қазір отбасын да, қызметті де қатар алып келеміз, – дейді Құлбарам Есенеева.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

/// САЛАУАТТЫЛЫҚ САЛТЫ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛТ РУХЫ

Қызылорда қаласында қылмыстық жазасын өтеген және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар арасында ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. «Ұлттық спорт – ұлт рухы» тақырыбымен өткен шараның мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, ұлттық спортты дәріптеу, зиянды әдеттер мен есірткі қылмысының алдын алу, сондай-ақ азаматтардың қоғамға қайта бейімделуіне қолдау көрсету.

Спорттық сайыс қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оналту орталығының бастамасымен өтті. Іс-шараны ұйымдастыруға Қызылорда облысы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы,

Қызылорда қаласының прокуратурасы, қалалық пробация қызметі, Қызылорда қаласының лене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі мен қалалық жастар ресурстық орталығы атсалысты.

Жарыстың ашылу салтанатында ұйымдастырушы мекеме-



лердің өкілдері сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Олар мұндай тағылымды шара-

лардың азаматтарды салауатты өмір салтына баулуға, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға және қоғамға қайта бейімделуіне мүмкіндік жасаудағы маңызын ерекше атап өтті.

Сайысқа қатысушылар бір тасын көтеру, қол күрес және асық ату секілді спорт түрлері бойынша өзара бақ сынады. Әсіресе ұлттық болымсымызбен біте қайнасқан асық ату сайысы көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Тартысты өткен бәсекелерде әрбір қатысушы жеңіске деген жегірін байқап, намысты

қолдан бермеуге тырысты. Жарыс алаңында өзара сыйластық пен достық қалыптасып, спорттың адамдарды ортақ мақсатқа біріктіретін құдіреті айқын сезді.

Қорытындысында әр спорт түрінен үздік нәтиже көрсеткен жеңімпаздар арнайы дипломмен, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ жарысқа белсенді қатысып, спорттық шеберлігін танытқан азаматтардың барлығына алғыс хат табысталды.

«СБ» ақпарат



Өркешті кит көптің назарын аударды

«Балтық теңізінің жағалауындағы Висмар шығанағында құрылысшылар ұзындығы шамамен 8 метр болатын китті байқап қалған. Жануарды бақылау үшін су полициясы жіберілді. Бұл туралы DW жазды» деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Мамандардың болжамынша, бұл – өркешті кит болуы мүмкін. Алайда әзірге бұл туралы нақты айтуға ерте. Сарапшылардың пайымдауынша, бұл жакында Шлезвиг-Гольштейн жағалауында көрінген сол бір кит болуы ықтимал. Шілде айының ортасында Киль фьордының маңынан байқалған, ал бір аптадан кейін ол Фленсбург аумағында көрінген. Жергілікті қоршаған орта министрлігінің мәліметінше, жануардың жағдайы жақсы көрінеді. Ол үнемі су бетіне шығып, қайтадан сүнгиді. Алайда су полициясының айтуынша, кит терісін жағдайы нашарлаған. Мұның бір себебі Балтық теңізінің суы киттердің тіршілігіне қажетті деңгейде тұзды болмауы.

Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді

Ташкент модернизмінің он сәулет нысаны Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді. Шешім Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында өткен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра комитетінің 48-сессиясында қабылданған. Бұл туралы Өзбекстанның Мәдени мұра агенттігінің хабарламасына сүйеніп, ҚазАқпарат мәлімдеді.

«Ташкент модернизмінің сәулеті. Орталық Азиядағы модернизм мен дәстүр» атты ұлттық номинацияға XX ғасырдың екінші жартысында бой көтерген 10 көрнекті сәулет ескерткіші енген. Олардың қатарында «Жемчуг» тұрғын үйі, Мемлекеттік тарих музейі, «Халықтар достығы» өнер сарайы, Мемлекеттік өнер музейі, Ташкент циркінің ғимараты, Көркемөнер академиясының Орталық көрме залы, Ұлттық кино өнері сарайы, «Чорсу» базары, «Космонавтар» метро станциясы, сондай-ақ Ташкент облысындағы «Құн» гелио-кешені бар.

Бұл нысанлар сол дәуірдегі жаңашыл шешімдер мен Орталық Азияның ұлттық дәстүрлерін үйлестірген бірегей сәулет кешені саналады.

«Титаник» жолаушысының хаты 80 мың доллар

«Титаник» жолаушысының апаттан бірнеше күн бұрын жазған соңғы хаты Ұлыбританияда өткен аукционда 60 мың фунт стерлингке (шамамен 80 124 доллар) сатылды. Бастапқыда бұл лот ең көбі 35 мың фунт стерлингке бағаланған. Генри Прайс Ходжестің хаты Ұлыбританияның Уилтшир графтығындағы Девизес қаласындағы аукцион үйінде саудаға шығарылды, – деп хабарлайды Egemen.kz.

Генри Прайс Ходжес «Титаникке» Саутгемптон қаласында мініп, екінші класта сапар шеккен. Оның жол жүру билеті 13 фунт стерлинг тұрған. Ол 1912 жылғы 10 сәуірде кеме бортында жүріп, Саутгемптондағы Ньютаун консервативтік қауымдастығындағы досы Гектор Янгқа хат жазған.

Жолаушы Бостон қаласындағы туыстарына қонаққа баруды жоспарлаған. Хат Квинстаун қаласынан жіберілген. Онда Ходжес сапары жайлы баяндап, лайнердегі ахуалды сипаттайды. Ауа райының қолайлы екенін айтып, жолаушылардың ойын ойнап, кітап оқып және түрлі істермен уақыт өткізіп жатқанын жазған.

Хатының соңында Ходжес қатты шаршағанын айтып, ерте ұйықтауға ниетті екенін жеткізген. Алайда осы хат жазылғаннан кейін 5 күн өткен соң «Титаник» Нью-Йоркке бет алған сапарында ол айбергекке соғылып, суға батты. Генри Прайс Ходжестің кейін мойіті табылып, Канаданың Галифакс қаласындағы Фэрвью зиратына жерленді.

Ашық дереккөзден дайындаған Айсаула ҚАРАПАЕВА

Бұл әңгіме XVIII ғасырдағы қазақтың сыртқы жауларына қарсы күресте аты шығып, ел бірлігін сақтаған би, ұлт батырына айналған тарихи тұлға Баймұрат Байбөріұлы туралы.

Бірде Бөкенбай, Есет батырлар бастаған бір топ сарбаз алыс жолда келе жатады. Араларында Баймұрат та бар. Сол кезде Баймұраттың 16-17 жастағы кезі болса керек.

Күз айы, қараңғы түн, суық жауын сіркіреп тұрады.

Осы жерде біраз аялдаймыз. Су болып жүре бергенше, от жағып жылынып алайық, – дейді Бөкенбай. Сарбаздар тоқтап, аттарынан түседі.

– Баймұрат, сендер барып, анау қырдың астындағы қорымның маңынан сексеуіл сындырып әкеліңдер, – деп батырлар жанына өзі қатарлы екі-үш жасты қосып, оларды жұмсап жібереді.

Жақын жерде қорым бар екен, қорым маны қалың сексеуіл. Сол жерге жақындай бергенде қорқынышты дыбыстар шығып, бір кезде ақ жамылғылары сүйретілген сұйбалар көрінеді.

– Әй, мұнда қарлар, тірі дүниені тауысып,



аруақтарды тонауға шықтыңдар ма, жоғалтыңдар көздеріңді! – деген қатқыл дауыс естіледі.

Арбаңдаған ақ киімді адамдардан ат үркіп, отын ала келгендер кейін серпіледі. Сонда Баймұрат:

– Ей, мыналар кайтеді, ей! Бөкенбай батыр тонып жатқанда сендерді тындап отынсыз қайтады дейсің бе? Жылы көрлеріне барып тыныш жатыңдар! – деп қылышын жарқ еткізіп суырады. Сол кезде шынында да аруақтар жоқ болып кетеді.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	https://twitter.com/syrboyi Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	www.instagram.com/syrboyi_kz Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Кезекші редактор Бағлан АМАНЖОЛ
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.	e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы19592	Тапсырыс №1287